

19 наурыз 2026



BAE Systems үлесін сату туралы мәлімдеме

Алматы, Қазақстан – «Эйр Астана» АҚ (Air Astana, еншілес FlyArystan әуе компаниясымен бірге – «Топ») BAE Systems компаниясының өзіндегі қалған үлесін сатуды жоспарлап отырғаны туралы хабарламаны хабарлайды. Мәміле туралы егжей-тегжейлі ақпарат тиісті жария ашуларда қамтылады.

BAE Systems Air Astana компаниясының құрылған сәтінен бастап негізгі серіктесі болып келетін. Компания 2001 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен BAE Systems арасындағы бірлескен кәсіпорын ретінде құрылды. 2024 жылғы Air Astana IPO аясында BAE Systems өз үлесін 16,95%-ға дейін қысқартты, ал 2025 жылғы желтоқсанда қосымша 10,1% үлесін сатты. Air Astana компаниясы олардың кең ауқымды қызметі тұрғысынан негізгі активі болмағанын айта кетіп, дамуымыздың маңызды кезеңінде жаңа акционерлерді қуанышпен қарсы алатынымызды хабарлаймыз. Сондай-ақ, аталған мәміле нәтижесінде еркін айналымдағы акциялар үлесінің артқанын хабарлаймыз.

Air Astana жақында 2025 жылдың толық жылдық қаржылық нәтижелерін жариялап, түсім және тасымалдау сыйымдылығының айтарлықтай өсуімен тұрақты нәтижелер көрсеткенін хабарлады. Жалпы түсім 11,4%-ға өсіп, 1 453,9 млн АҚШ долларын құрады, ал EBITDAR 0,8%-ға артып, 321,2 млн АҚШ долларына жетті (маржа - 22,1%). Нәтижелер туралы толық ақпаратты төмендегі сілтеме арқылы табуға болады:

<https://ir.airastana.com/en/disclosure-center/regulatory-disclosure-and-releases/>

Қосымша ақпарат алу үшін төмендегі контактілер бойынша хабарласуыңызды сұраймыз:

Инвесторлармен байланыстар жөніндегі қызмет	investor.relations@airastana.com
Қаржы медиа сұрақтары бойынша	airastana@fticonsulting.com

Air Astana компаниялар тобы туралы

Air Astana компаниялар тобы Орталық Азия мен Кавказ өңірлеріндегі кіріс көлемі мен әуе кемелер саны бойынша ең ірі әуе тасымалдаушы топ. Компания 62 әуе кемесінен тұратын флотты басқарады, ол 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған толық қызмет көрсететін Air Astana әуе компаниясы мен 2019 жылы құрылған бюджеттік FlyArystan әуе компаниясына бөлінген. Компания тұрақты, тіке және транзиттік, қысқа және ұзақ қашықтықтағы жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асырады. Маршруттық желісі Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропаны қамтиды. Air Astana Skytrax рейтингі бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы ең үздік әуе компаниясы атағын 14 мәрте иеленді және қатарынан 9 рет Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік әуе компания қызметі марапатына лайық танылды. FlyArystan үш рет Skytrax сыйлығы бойынша Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік бюджеттік әуе компаниясы атанды. Сонымен қатар, Air Astana Airline Passenger Experience Association (APEX) тарапынан ірі әуе компаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды. Компания Қазақстан қор биржасында (KASE), Астана халықаралық биржасында (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) AIRA тикерімен листингке енгізілген.